


#QAZAQSTAN



Өз халқының перзенті







**Үлкенге құрмет көрсету – ұлттың көркі, тәрбиенің
өзегі. Үлкенін сыйлаған елдің болашағы берекелі,
жастары ізетті болады. Құрмет бар жерде даналық,
ал даналық бар жерде мейірім мен татулық
орнайды.**





Ей, апа сен неге жолда тұрсың? Біздің жүгіріп келе жатқанымызды көрмейсің бе? Сен үшін үйде отырғаның жақсы, түсіндің бе?







Әже, Сізге жаңағы адамдардың қалай дауыс көтергенін көріп, таң қалдым. Үлкендерге бұлай сөйлеуге болмайды ғой!

Еһ, балам... Қазір үлкендерді құрметтемейтін кейбір жастар бар.

Мен жаңағы балалардың басқа да үлкендерге қалай сөйлегенін көрдім. Жап-жас болып, осынша қатыгез болғаны қалай? Түсіне алмадым.



Менің атам әрдайым үлкендерді сыйлау керектігін айтады. Әже, бұл ауыр сөмкелерді не себепті жалғыз өзіңіз көтеріп жүрсіз?






Балам, маған кім көмектеседі? Мен жалғыз тұрамын. Балаларым мен немерелерім басқа қалада.

Базарға үйге азық-түлік алуға келіп едім, сатып алған затымның салмағын ескермей, осында қалдым.



Сіз жалғыз тұрасыз ба? Кешіріңіз, білмеппін.




Ештеңе етпейді, балам. Осындай тәрбиелі жігітті кездестіріп, жәрдемдесіп жатырғаныңа қуаныштымын.







Оқасы жоқ, әже. Сізге көмектесе алғаныма қуаныштымын.







Уағалейкумассалам, балам!
Үлкен жігіт бол!
Сабағың қалай?











Үлкендерді құрметтеу -
сәлемдесуден басталады.
Қазақтар әрдайым үлкендерге
бірінші болып сәлем беріп, оң
қолын жүрекке қойып: «Армысыз!»,
«Ассалаумағалейкум!» деп
айтатын.



Үлкендер сөйлегенде,
ешқашан сөзін бөлмей, кеңестерін
мұқият тыңдау қажет. Халқымызда
«Әке тұрып ұл сөйлегеннен без, шеше
тұрып қыз сөйлегеннен без» деген мақал
бар. Бұл — әкенің алдында ұлы сөзін
бөлмеу керек, шешенің алдында қызы
сөзін бөлмеу керек дегенді білдіреді.
Олар көпті көрген, жастарға қарағанда
өмірлік тәжірибесі мол.





Дастарқан басында үлкендер
әрқашан төрге отырады.
Бұл - құрмет пен
сыйластықтың белгісі.



Дастарқан жайылып,
әрқашан үлкендердің
алдына қойдың басы
қойылады.

Олар бата беріп, бас
бөліктерін отбасының
басқа мүшелеріне
таратады.





Адам өміріндегі қуанышты сәттер, тойлар үлкендердің батасымен басталған. Бата — жас жұбайлардың ұзақ әрі бақытты өмірінің бастауы деп саналатын. Бата берген қарияның иығына ризашылықтың белгісі ретінде шапан жабылған.

Қандай жағдай болмасын үлкендерге құрмет көрсетілуі қажет. Кішкентай Абай өзінің әкесі Құнанбаймен ренжісіп қалған адамды көргенде, жанынан өтіп кетпей, амандасып, оған құрмет көрсетті. Ал ол адам Абайдың сәлеміне жауап ретінде аттан түсіп, батасын берді.





Бұл – қазақтың үлкендерге деген құрметі.

Қазақ жырауы
Шортанбай Қанайұлы былай деген:
«Сен демек қиын емес пе,
Бұрыңғы туған үлкенге?»
(Өзіңнен бұрын туған үлкенге «сен» деп
сөйлеу қалай дұрыс болмақ?)
Біздің тәрбие үлкендерге, әсіресе ата-
анаға әрдайым «Сіз» деп сөйлеуді
міндеттейді. Түсіндің бе, балам?



Иә, ата.



Балам, мына мақалды есте сақта: «Қарты бар үйдің қазынасы бар». Үлкендерді сыйлаған адам ешқашан қор болмайды. Өз халқыңның перзенті бол!



БІЗДІҢ КОМИКСТЕРДІҢ БАСҚА СЕРИЯЛАРЫН ДА КӨРІҢІЗ



instagram



web-site

Алматы облысы Дін істері
басқармасының тапсырысы аясында әзірленді